

**« № 75 жалпы білім беретін орта мектеп » КММ –і бойынша  
Қамқоршылық кеңестің отырысы**

**Хаттама №3**

Ақтөбе қаласы

14.11.2019 ж

**Күн тәртібі:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық тағайындау қағидасына сәйкес екінші кезеңін өткізу және « № 75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-і директоры лауазымына құжаттарын ұсынған үміткерлердің - мектептің даму жоспарына арнаған бағдарламаларын тыңдау .

**Тыңдалды:**

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша « № 75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-і бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.Сапаров сөз алды:

Онда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық тағайындау қағидасына сәйкес екінші кезеңін өткізу: « Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 12.11.2019 жылғы № 02-03/4592 санды хабарламасы негізінде , қосымшада көрсетілген үміткерлердің құжаттарын жолдап отыр.

« № 75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-і директоры лауазымына құжаттарын ұсынған 5 үміткер:

1. Сейтмағанбетова Жанар Есенғосқызы
2. Керуенбаева Райса Мугалтаевна
3. Наменова Минара Серикғалиевна
4. Жасакбаева Айнур Сагитжановна
5. Ескалиева Гульдария Темирхановна

мектептің даму жоспарына арнаған бағдарламаларын ұсынып отыр. Бағдарламада мектептің даму жоспары , оның бағыттары мен стратегиялары жоспарланған. Мектептің материалдық – техникалық базасын нығайта отырып, жаңартылған білім беру мазмұны аясында, оқу- тәрбие процесіне жаңашыл ойларды жоспарлау арқылы, мектеп пен ұстаз мәртебесін көтеруге бағытталған бағдарламалар бар. Мақсатымыз: тыңдау, талқылау , сұрақтар мен ұсыныс – пікірлерімізді білдіру .

**Шығып сөйлеушілер:**

1. Сейтмағанбетова Жанар Есенғосқызы - 20.06. 1982 жылы туылған, жанұялы, Қ.Жұбанов атындағы АқМУ, филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, жалпы педагогикалық еңбек өтілі- 16 жыл .Жоғарғы санатты педагог –зерттеуші.



Мақсатым: оқыту мен оқытуда жаңа әдіс – тәсілдерді тиімді қолдану арқылы күзиреттілікті қалыптастыру. Мектепті дамыту жоспарының басым басымдықтары:

- Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді мұғалімдердің күнделікті тәжірибесіне енгізуді жолға қою;
- Оқу мен оқытуды жақсартуда инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу және жетілдіру;
- Табысты оқыту, үздіксіз даму аспектісінің негізінде күзиретті және үштілді, полимәдениетті тұлға қалыптастыру.

Ж. Сейтмағанбетова өзінің даму жоспарын баяндай отырып, дамыту жоспарының басымдықтары мен табыс критерийлері туралы толық таныстырды.

**Сұрақ: Т.Сапаров**

Қазіргі таңда жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық өршіп тұр. Осы жағдайлардың алдын алу үшін қиындықтардан қалай шығар едіңіз?

**Жауап: Сейтмағанбетова Ж.Е**

Қай жерде тәртіп пен қадағалау болса, сол жерде мұндай жағдай болмайды. Мектеп, оқушы, ата - ана арасында үштік одақ мықты болса, мұндай жағдайлар болмайды.

**2. Керуенбаева Райса Мугалтаевна** – 21.10.1968 жылы туылған, отбасылы, Қ.Жұбанов атындағы АПИ, физика және информатика пәні мұғалімі, жалпы педагогикалық еңбек өтілі – 27 жыл, жоғары санатты.

Үміткер Р.Керуенбаеваның бағдарламасы 2019-2022 жылдар аралығында мына кезеңдер арқылы жүзеге асырылады:

1 кезең : Дайындық-ұйымдастыру жұмысы. Бағдарламаны талдау және ақпараттандыруды ұйымдастыру. Мұғалімдерді дайындау.

2 кезең : Бағдарламаны әдістемелік жағынан қамтамасыз ету. Бағдарлама бөлімдеріне сәйкес шағын шығармашылық топ қызметін жоспарлау, үйлестіру. Бағдарлама мақсаты негізінде комплексті түрде жүйелі жұмыс жүргізу. Негізгі кезең болғандықтан қажетті ресурстармен қамтамасыз ету.

3 кезең : Бағдарламаның жүзеге асырылуына қорытынды жасау кезеңі. Сараптама жасау, түрлі нәтижелерді талдау, тарату, педагогикалық кеңесте жариялау.

**Сұрақ: Т.Сапаров**

Мемлекеттік қызмет көрсету арқылы мұғалімдердің біліктілігін көтеру деген мәселелер туындар отыр. Бұл мүмкін бе? Сіз қалай ойлайсыз?

**Жауап: Р.Керуенбаева**

Қазіргі таңда педагог мұғалімдер өз біліктіліктерін көтеру үшін портфолио жинап, тест тапсырып жатыр. Бұрын мұның бәрі бұрын қағаз жүзінде болатын, қазіргі таңда біртіндеп электронды түрде қызмет көрсетуге көшіп жатыр.

**3. Наменова Минара Серикгалиевна** – 07.04.1986 жылы туылған, отбасылы, Қ.Жұбанов атындағы АМУ, жоғары кәсіптік музыка пәні мұғалімі, жалпы педагогикалық еңбек өтілі – 12 жыл, I санатты.

Мектептің даму жоспарына төмендегі басым бағыттарды негізге алып отыр:



Мектептің даму жоспарына төмендегі басым бағыттарды негізе алып отыр:

- Назарбаев Зияткерлік мектебімен байланыс жасау;
- Оқушыларының бойында «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтары және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру
- Дарынды, шығармашылық қабілеті жоғары балалармен жүйелі, нәтижелі жұмыс істеудің жаңаша әдіс-тәсілдерін оқып-үйрену, пайдалану;
- Мектеп бітірушілердің өзгермелі қоғамда оңай бейімделе алуы, білім алушылардың ізгілендіру мен адамгершілік позицияда өзін-өзі анықтап, өзін-өзі жүзеге асыруы үшін оңтайлы жағдай туғызу;
- Жаңа үлгідегі мектеп моделін құру

**Сұрақ: А.Кулов**

Тәрбие саласында қазіргі таңда қандай проблемалар бар? Қиындықтардан шығу жолдары қандай?

**Жауап : Наменова М.С**

Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында, үйірмелер мен спорттық секцияларға тарту – басты тиімді жолдар. Осы мақсатта Назарбаев зияткерлік мектебіндегі « Шаңырақ » жобасымен жұмыс жасауды қолға алар едім. Бұл құқық бұзушылықтың алдын алуға септігін тигізеді.

**4. Жасакбаева Айнур Сагитжановна** – 03.08.1985 жылы туылған, отбасылы, Қ.Жұбанов атындағы АМУ, шет тілі пәні мұғалімі, жалпы педагогикалық еңбек өтілі – 10 жыл, жоғары санатты.

Мектептің даму жоспарын, әлсіз жақтары мен күшті жақтарын зерделей отырып 3 кезеңге бөліп қарастырады:

- \* Дайындық кезеңі -2019-2020 оқу жылы / зерттеу, талдау, дайындық кезеңі;
- \* I кезең-2019-2020 оқу жылы/ жоспарлау, жоспарды іске асыру;
- \* II кезең-2020-2021 оқу жылы/жоспарды іске асыруға мониторинг жүргізу, жоспарлауға өзгеріс енгізу;
- \* III кезең-2021-2022 оқу жылы/өзгерістегі жоспарды жүзеге асыру, нәтижеге мониторинг жүргізу, талдау, қорытынды шығару;

**Сұрақ: А.Кулов**

Қалалық білім бөлімінің жоспарынан тыс, білім саласының маманы ретінде қандай семинарлар өткіздіңіз?

**Жауап: Жасакбаева А.С**

Мен қорғаншылық бөлімі маманы ретінде, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған семинарлар өткізіп, жұмыстар жасадым.



5. Ескалиева Гульдария Темирхановна - 15.05.1976 жылы туылған, отбасылы, Қ.Жұбанов атындағы АМУ, математика пәні мұғалімі, жалпы педагогикалық еңбек өтілі – 22 жыл, жоғары санатты педагог - зерттеуші.

Өз бағдарламасында мектептің даму жоспарын жасай отырып, жүзеге асыру кезеңдерін төмендегіше көрсетеді:

- \* НЗМ тәжірибесі шеңберінде жаңартылған білім мазмұнына көшуді кезең –кезеңімен жүзеге асыру
- \* 2019 жылы-4, 9, 10, 11 кластар
- \* Үздіктер мен екпінділер үлесін, дарынды балалар қатарын өсіру;
- \* Педагогтардың шығармашылық ізденісін дамыту;

**Сұрақ: Т.Сапаров**

Мектепке эстетикалық талғам беруді қалай түсінесіз? Сіз неден бастар едіңіз? Арнайы ережесі бар ма?

**Жауап: Ескалиева Г.Т**

Арнайы ережесі жоқ, мектептің эстетикалық талғамы жоғары болу үшін, көгалдандыру, жасылдандыру жұмыстарын жүргізіп, тарихи тұлғалардың сөздерін ілгізу қажет.

Күн тәртібіндегі мәселені талдай келе, Қамқоршылық кеңес Қаулы етеді

**Қаулы:**

1. « № 75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-і директоры лауазымына құжаттарын ұсынған үміткерлер:
  1. Сейтмағанбетова Жанар Есенғосқызы
  2. Керуенбаева Райса Мугалтаевна
  3. Наменова Минара Серикталиевна
  4. Жасакбаева Айнур Сагитжановна
  5. Ескалиева Гульдария Темирхановна

мектептің даму жоспарына арнаған бағдарламалары тыңдалып, талданып, келесі кезеңге ұсынылады.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Хатшы:

Мүшелері:

*Т.Сапаров*  
*П.Пирзадаева*  
*А.Кулов*  
*А.Симонов*  
*Т.Қадірова*  
*Б.Сулеева*  
*М.Елеменова*  
*А.Тектігүлова*

Сапаров Т  
Пирзадаева К.И  
Кулов А  
Симонов А  
Қадірова Т  
Сулеева Б  
Елеменова М  
Тектігүлова А